

**2012 жылы жасы он жетіге толатын еркек жынысты азаматтарды шақыру
учаскесіне есепке тіркеуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы**

Күші жойған

Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданы әкімінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы N 20 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Жарма аудандық әділет басқармасында 2012 жылғы 11 қаңтарда N 5-10-125 тіркелді. Күші жойылды - Жарма ауданы әкімінің 2012 жылғы 20 сәуірдегі N 8 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды -Жарма ауданы әкімінің 2012.04.20 N 8 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 33-бабының 1-тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Заңының 17-бабының 3-тармағына сәйкес, **ШЕШЕМІН:**

1. 2012 жылғы қаңтар-наурызда 2012 жылы жасы он жетіге толатын еркек жынысты азаматтарды есепке тіркеуді өткізу «Жарма ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесі Достық көшесі № 90 мекен-жайы бойынша шақыру учаскесінде ұйымдастырылсын.

2. «Жарма ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесіне есепке тіркеуді уақытылы және сапалы өткізу мақсатында шақыру учаскесін дайындау және заңнамамен белгіленген шараларды қабылдау ұ с ы н ы л с ы н .

3. «Жарма ауданының № 1 медициналық бірлестігі» қазыналық мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынына жасөспірімдерді сапалы медициналық куәландыру үшін дәрігер-мамандар мен орта медициналық қызметкерлерінің қажетті санымен қамтамасыз ету ұ с ы н ы л с ы н .

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С. Б р ы н з о в қ а жү к т е л с і н .

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і .

Жарма ауданының әкімі

Т. Қасымжанов

Келісілді:

«Жарма ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлім»

мемлекеттік мекемесінің бастығы *Ғ. Дайрабаев*

30.12.2011 ж.

« Ж а р м а а у д а н ы н ы ң № 1
м е д и ц и н а л ы қ б і р л е с т і г і »
қ а з ы н а л ы қ м е м л е к е т т і к

коммуналдық кәсіпорынының директоры Т. Брынзова

30.12.2011 ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК